ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
«ПАНФИЛОВ АУДАНАРАЛЫҚ КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 12 наурыз № 89-н Жаркент қаласы

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес Ақпараттық жүйені қостау және техникалық қолдау көрсету бойынша қызмет көрсетулер (Documentolog) сатып алу бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Қалабек Қ. мемлекеттік сатып алу есепшісі:

2.1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

2.2. Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

2.3. Шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Директор **А. Еликбаев**